

Ерейментау ауданы ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің жанындағы КММ «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі»

Сағатбек Ахметқажсиұлы




Ерейментау қ., 2022 жыл

«Әдебиет жанкүйері» грамотасы





«Жазушылар одағының мүшесі» кітапшасы



Құнанбай көшесі -123А,
Әдістемелік-библиографиялық бөлім

gucbs@mail.ru






«Ел мерейін асқақтатқан ағалар»

Сағатбек Ахметқажыұлы

1974 жылы 22-маусымда Шығыс Түркістанның Алтай Аймағы, Буршын деген жерде туған. Орта білімді. Ақын, тарихшы, шежіреші. Қытайда, қазақ елінде көптеген өлең, мақала, зерттеулері жарық көрген. "О, Ағажай", "Көкжалтүн" жеке жыр жинақтарымен, "Қанас меруерттері", «Сезім тамшылары», «Қылбұрау» алманақтары, және «Баба жолы», «Аманат», «Құлан иек», «Мұзбалақ», «Жыр шежіре», «Сәуюур бұлты», «Кер соқпақ» атты көптеген кітаптарды құрастырып, баспадан шығарды. «Бір шым-шым топырақ», «Санам толы сан әктер», «Өмір жолы», «Көк жиекте күн сауле» сынды кітаптарды баспаға дайындауда. Сонымен қатар, «Керей шежіресі» кітабын құрастыруда. Қазіргі таңда Ақмола облысы, Ерейментау ауданы, Тайбай ауылында тұрады.

*«Бұл жыр жинағында туған жұртқа
Ағажай Алтайға деген мұңды
сағыныш, ата жұртқа - Қазақстанға
деген риясыз сүйіспеншілік
жырланған. Автор сонымен бірге
қазақтың қалаулы тұлғаларына
арнау жазуға да өз
шығармашылығынан елеулі орын
береді. Ақын ар тазалығын,
махаббат пәктігін, сондай-ақ жалпы
ұлттық құндылықтарды да өзіне
тән стильмен жырға қосады.
Автордың тағзы бір ерекшелігі -
тілінің қазақы бояуы қанықтығы
болып табылады».*
О, Ағажай!



Бақыт болса бас аман

Берік болсын босаған,
Жарылқасын жасаған.
Ынтымақты болыңдар,
Бақыт болса бас аман.

Шайқалмасын шаңырақ,
Аулақ, қайғы әдірә.
Аса берсін дәулетің,
Өсе берсін әулетің.

Жайылмасын есігің,
Қозғалмасын бесігің.
Көре алмастар күрсініп,
Керге кетсін кесірі.

Қосағыңмен қоса ағар,
Алдан иман тосады ар.
Тереңдік пен тектілік,
Алынбайтын қос арал.

Жалындасын жастығың,
Махаббатқа мас қылып.
Қызыр түнеп төріңе,
Талантты бол тасты үгер.